

Сөрелік нөмір

**«Бірінші болу - батылдық» КҚ
(«VISA Tour of World Class Almaty» 2022 веложарысын ұйымдастырушыға)**

ҚОЛХАТ
(өз қолымен толтырылады)

Мен, _____
(толық аты-жөнін көрсету керек)
ЖСН _____, жеке басын куәландыратын құжат: (жеке куәлік, тұруға ықтиярхат, төлқұжат) (керегінің астын сызу керек)
№ _____, (берілген күнін және берген мекемесін көрсету керек)
« _____ » _____ ж., _____
тарапынан берілген, «Бірінші болу - батылдық» КҚ (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы») ұйымдастыратын, **2022 жылғы «7» тамызда** өткізілетін «VISA Tour of World Class Almaty» **2022** веложарысына (тәртіп: _____) (бұдан әрі – «Жарыс») қатысуға келісімді беремін.

Осы арқылы, мен:

- 1) Ұйымдастырушының <https://www.almaty-marathon.kz/kk/> сайтында (бұдан әрі – «Сайт») орналастырылған Жарысты өткізу туралы Қағидамен танысқандығымды растаймын және оны сақтауға толықтай келісемін;
- 2) дәрігерде медициналық куәландырудан өткенімді және жарысқа қатысуға қарсы көрсетімдерім жоқ екенін растаймын және жарыс өткізілетін күнге/жарыс өткізілетін күнге өз денсаулығым нашарлаған жағдайда жарысқа қатыспауға міндеттенемін;
- 3) менде және/немесе жақын байланыс ортамның өкілдерінде Covid-19 вирустық ауруының симптомдары және/немесе белгілері анықталған жағдайда, не болмаса мен осы вирусқа жүргізілген талдау оң нәтижені алған жағдайда, сондай-ақ жақын байланыс ортамның өкілдері осы вирусқа жүргізілген талдаудың оң нәтижесін алған жағдайда, мен Жарысқа қатысудан бас тартуға және Жарыс қатысушысының сөрелік жинағын алмауға міндеттенемін;
- 4) Жарыстың күрделілігін ұғынамын және түсінемін және менің берілген жарыс қашықтығынан өтуім кезінде техникалық білімім мен тәжірибем жеткілікті екенін және мен жарысқа қатысу үшін физикалық және ақыл-ой жағынан дайын екенімді мәлімдеймін
- 5) Жарысқа қатысуым нәтижесінде денсаулығымға қолайлы салдардың туындай алуын түсінемін, жеке қауіпсіздігім мен денсаулығым үшін жауапкершілікті өзім тартамын.
- 6) Ұйымдастырушы менің қайтыс болған немесе мен Жарысқа қатысушы ретінде жарақат алған, менің меншігімнің жоғалуы немесе зақымдануы жағдайында, сондай-ақ жарыс кезінде болған жарысқа қатысушы ретінде менің кез келген физикалық залалым үшін жауапты болмайтынын растаймын және мен жарысты Ұйымдастырушыға (оның қызметкерлеріне) және демеушілерге қойылатын қандай да бір материалдық және өзге де кінәрат-талаптар мен талаптардан ерікті түрде және біле тұра бас тартамын. Бұл шағымдардан бас тарту ықтимал мұрагерлеріме және қамқоршыларыма таралады және жарыс өткізілгенге дейін, жарыс кезінде және одан кейін әрекет етеді;

9) Жарыс кезінде ешқашан және қандай да болмасын жағдайларда басқа қатысушыларға, ұйымдастырушыға және демеушілерге, бөгде тұлғаларға, сондай-ақ олардың мүлкіне зиян келтіруі мүмкін жағдайларды қасақана жасамайтынымды растаймын;

10) Ұйымдастырушының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтауы мақсатында, Жарысқа қатысуымды тіркеу үшін:

- Ұйымдастыру комитетінің сұрау салуы бойынша осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды ұсынуға келісемін;

- Ұйымдастырушының сайтында Жарысқа қатысу үшін тіркеу нысанын толтыра отырып және Ұйымдастырушыға осы қолхат бойынша ақпаратты растайтын құжаттарды ұсына отырып, жарысқа қатысу үшін менің тіркеуді қамтамасыз ету мақсатында ғана Жарыс Ұйымдастырушысына берілетін менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, пайдалануға және сақтауға өз келісімімді беремін;

11) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 15-бабы 8-тармағының талаптарын ескере отырып, «Бірінші болу – батылдық» КҚ спорттық іс-шараларын, сондай-ақ Ұйымдастырушының қызметін танымал ету мақсатында төмендегілерге өз келісімімді беремін:

- Ұйымдастырушының және/немесе Ұйымдастырушының атынан және/немесе мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлғалардың жарысқа қатысу барысында менің бейнеме (фотосурет және/немесе бейнеролик) бейне және фототүсірілімді жүзеге асыруына;

- Ұйымдастырушыға менің атымды пайдалануға, менің суретімді және/немесе Жарыс нәтижесінде алынған басқа да аудио-, бейне-, фотоматериалдарды мерзімі және пайдалану аумағы бойынша шектеусіз, кез келген тәсілдермен және кез келген құралдармен жариялауға, жаңғыртуға және таратуға. Осы Келісімді белгісіз мерзімге өтеусіз негізде беремін.

12) Осы қолхатқа қол қою кезінде есірткілік, уытқұмарлық, алкогольді мас күйде болмағанымды, денсаулық жағдайым бойынша құқықтарымды жүзеге асыра және қорғай алатынымды және міндеттерімді орындай алатынымды, қол қоятын құжаттың мәнін түсінуіме кедергі жасайтын ауруларға шалдықпағанымды растаймын, сондай-ақ жаңылысу, алдау, зорлық жасау, қорқыту, арам ниетті келісу немесе ауыр жағдайлардың тоғысуы ықпалында еместігімді растаймын.

Осы құжаттың мәтінін мен дербес оқыдым, мазмұны менің нақты мақсаттарым мен ниетіме сәйкес келеді, құжаттың мәні мен құжаттың заңдық салдары маған түсінікті.

Қолхат жасалған күн: « ____ » _____ 2022 ж.

Қолы: _____